

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ



МОЙЫНҚҰМ
АУДАНДЫҚ
ГАЗЕТИ



№43
(6928)
сейсенбі
13 маусым
2023 жыл

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ

moinkum-tani.kz

moinkum_tani@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖЕДЕЛ ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Абай облысы, Бородулиха ауылы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысындағы алапат өртеке байланысты Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізді.

Жиынға қатысушылар, ең алдымен, табиғат апаты кезінде қаза тапқан азаматтарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Елімізде тағы да алапат өрт болып жатыр. Өкінішке қарай, тілсіз жаумен күрес кезінде азаматтарымыз қайтыс болды. 14 адам қызметтік міндетін атқарып жүріп ерлікпен қаза тапты. Мен жаңа ғана бұл адамдардың туыстарымен кездестім. Өте ауыр әңгіме болды. Жұрт жылап отыр. Үкіметке наразылығын айтып жатыр. Марқұмдардың отбасыларына және жақындарына қайғыра көңіл айтамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жаңадан тағайындалған Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Сырым Шәріпхановты таныстырып, ведомствоға жүктелетін басты міндеттерді атап өтті.

– Алда ауқымды жұмыс бар. Жалпы, бұл салада түйткілдер, шешілмей жатқан мәселелер аз емес. Қазіргі таңда негізгі міндет – жұмысты сапалы жүргізу. Бұл – ең алдымен, осындай апаттарға жол бермеу қажет, сонымен қатар төтенше жағдай болған кезде тиісті шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек деген сөз. Бұл жағдай кәсіби салғырттықты, адамдардың тағдырына бей-жай қарайтынмызды көрсетті. Мен бұған тағы да көз жеткіздім. Ал қазіргі таңда сапалы, дұрыс жұмыс атқарылып жатқан жоқ. Мұны мойындауымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, бұл саланың жұмысын түбегейлі жақсарту қажет. Министрлік және оның басшылары өздерінің қызметтік міндеттеріне селқос қарайды. Не істеу керек екенін білмейді. Шұғыл шешімдер қабылдамайды. Сондықтан осындай қайғылы жағдай болып отыр, – деді

Мемлекет басшысы.

Президент өртпен күрес шараларының басы-қасында жүрген Төтенше жағдайлар вице-министрі Марат Күлдіков пен Абай облысының әкімі Нұрлан Ұрханбаевтың табиғат апаты салдарымен күресу, жақын маңдағы елді мекендер тұрғындарын эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы баяндамаларын тыңдады. Президент баяндамашылардың жауабына көңілі толмайтынын жеткізді. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановқа батыл кадрлық шешімдер қабылдау жөнінде тапсырма берді. Ал Абай облысының әкімі Нұрлан Ұрханбаевқа сөгіс жариялады.

Президент қазір адам өмірін сақтау, сондай-ақ өртті ауыздықтау басты мәселе екенін атап өтті.

Сонымен қатар Үкімет пен облыс әкімдігіне келтірілген шығын көлемін шұғыл анықтау, зардап шеккен тұрғындардың бәріне қолдау көрсету, қаза тапқан азаматтардың отбасына және зардап шеккен адамдарға өтемақы төлеу мәселесін шешу, алапат өрт кезінде өмірін құрбан еткен жандарды мемлекеттік наградаға ұсыну, бүлінген нысандарды қалпына келтіру жұмыстарын дереу бастау жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Мемлекет басшысы былтыр Қостанай облысында болған өрттен қорытынды шығарылмағанын, берілген тапсырмалар атүсті орындалғанын қатаң сынға алды.

– Қауіп-қатердің бағаланбағаны қазірдің өзінде түсінікті болып отыр. Болжам дұрыс жасалмады. Нәтижесінде табиғат апаты тиісті деңгейде әрі дер кезінде ауыздықталмады. Демек, тиісті алгоритмдер жұмыс істемейді. Бұл, ең алдымен, ТЖМ-нің кемшілігі.

Бас прокуратураға қозғалған қылмыстық іс аясында уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекетіне нақты баға беруді тапсырамын», – деді Мемлекет басшысы.

Президент орман және дала өртінің алдын ала анықтау және апатты жағдайдан сақтандыру

жөніндегі жұмыс тәртібі жолға қойылмағанына назар аударды.

– Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен өңірлердің әкімдері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, өрт ошақтарын ерте анықтаудың цифрлық жүйелерімен жабдықтау, өртті бейнебақылау және мониторинг жасау жүйелерін енгізу шараларын қабылдау керек. Мұндай жүйелерді енгізгенге дейін орман алқабын авиация арқылы және жерден бақылау, сондай-ақ өрт қаупі жоғары кезеңдерде «ұшқышсыз ұшатын аппараттарды» қолдану жиілігін арттыруы қажет. Сонымен қатар табиғатты қорғау және орман мекемелерін өртеке қарсы техникалармен жарақтандыру деңгейін талапқа сай нормаларға дейін жеткізуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы былтыр Қостанай облысындағы өрттен кейін азаматтық қорғаныс мекемелерінің, жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға нақты дайындығын тексеру жөнінде тапсырма бергенін еске салды. Өкінішке қарай, нәтижесі көңіл көншітпейді. Материалдық-техникалық жабдықтау көрсеткіші 69 пайыз, функционалдық инфрақұрылыммен жабдықтау 63 пайыз деңгейінде. Ал орталық және жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға әзірлігі 70 пайыз.

– Үкімет дайындық көрсеткіштерін төтенше жағдайларға тиісті дәрежеде төтеп беретін деңгейге жеткізуі қажет. Әлемде бірде-бір мемлекет көп кәсіби өрт сөндірушіні ұстап тұра алмайды. Еріктілер отрядтарын тарту тәжірибесі кеңінен қолданылады және оларды оқытады, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді және сақтандыру шаралары қарастырылады. Бізде де бұл нормалар заң жүзінде қарастырылған. Біз бұл ресурсты белсенді пайдалануымыз керек. Жаздың ыстығы енді ғана басталды. Кез келген уақытта өрт шығуы мүмкін. Сондай кезде төтеп беру үшін дайындық сақадай сай болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы орман алқаптарында жүрген кезде қауіпсіздік ережесін бұзатын азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қажет екенін мәлімдеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы орман алқаптарында жүрген кезде қауіпсіздік ережесін бұзатын азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қажет екенін мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысынан кейін өрт сөндіруге жұмылдырылған құтқарушылармен және еріктілермен кездесті.

– Баршаныңа алғыс айтамын. Еріктілер, сіздерге де ризамын. Жарайсыздар. Сіздердің сіңірген еңбектеріңіз мемлекет тарапынан елеусіз қалмайды. Үлкен апат болды. 14 адам қаза тапты. Жаңа ғана азаматтармен кездестім. Өте ауыр жағдай. Сондықтан осындай қасіретті апат кезінде бәріміз бір халық, бір ұлт болып бірге жұмыс істеуіміз керек. Жаңа ғана кеңес өтті. Ұйымдастыру шараларын талқыладық. Төтенше жағдай барлық елде болады. Ең бастысы, біз осы төтенше жағдайды, әсіресе өртті адам шығынына жол бермей, уақытылы, тез ауыздықтай білуіміз керек. Аман болыңыздар, – деді Президент.

AKORDA.KZ.

БИЛІК

2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН АУЫЛДАРДА 655 ДЕНСАУЛЫҚ НЫСАНЫ САЛЫНАДЫ

2025 жылға дейін ауылдық жерлерде 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысаны салынады. Бұл жайында Мәжіліс депутаттарының сауалына Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың жауабында айтылған, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.



«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте ауылдық денсаулық сақтау деңгейінде медициналық-санитариялық алғашқы және мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін көшпелі медициналық кешендер, медициналық пойыздар және қашықтан медициналық қызмет көрсету құралдары пайдаланылатыны айқындалған. Ел тұрғындарының 40 пайызы ауылдық жерлерде тұратынын ескере отырып, Үкімет ауыл тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасын қабылдады. Осы жоба аясында 2023-2025 жылдары 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысаны салынады. Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін көпбейінді 32 аудандық аурухана жаңғыртылады», – деп атап өтті Үкімет басшысы жауабында.

Оның атап өтуінше, халықтың жоғары білікті медициналық көмекке қолжетімділігін кеңейту үшін Денсаулық сақтау министрлігі телемедицинаны дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеген. Онда еліміздің барлық аумағында телемедициналық шешімдер жобаларын іске қосу көзделген.

«Сондай-ақ жаңа тарифтерді қайта қарау және қалыптастыру тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында және аудандық, ауданаралық деңгейде стационарлық жағдайларда мамандандырылған көмекті қаржыландыру бойынша ұсыныстар дайындау жөніндегі іс-шаралар көзделген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру жөніндегі жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылатынын атап өткен жөн», – деді Әлихан Смайылов.

ҚАЗАҚПАРАТ.

МЕЖЕ МЕН МІНДЕТ

«САМҰРЫҚ ҚАЗЫНА» ҚЫТАЙ КОМПАНИЯСЫМЕН БІРГЕ ЖАМБЫЛДА ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫН САЛАДЫ



«Самұрық-Қазына» мен қытайлық СРІН Жамбыл облысында жел электр стансасын салуды жоспарлап отыр.

Астана халықаралық форумы аясында қор басшылығы, ҚР Энергетика министрлігі, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Ерболат Ибрайханов және China Power International Holding компаниясының басшылары кездесті.

Тараптар Жамбыл облысында электр энергиясын жинау жүйесі бар қуаты 1 ГВт жел электр стансасының құрылысы жобасын жүзеге асыруға дайындалып жатыр. Мемлекет басшысының 2023 жылғы мамырдағы Сиань қаласына сапары барысында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылған еді.

Бүгін негізгі шаралары, жауапты тараптар мен орындау мерзімі көрсетілген іс-шаралардың күнтізбелік жоспары қабылданды.

Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ҚҰРМЕТ

БЕЙНЕТ ТҮБІ – ЗЕЙНЕТ

Өткен аптада аудан әкімі Әлихан Балқыбеков аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Дәуренбек Қабышевті қабылдап, зейнет демалысына шығарып салды. Дәуренбек Қабышев 1972 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданында дүниеге келген. Тараз қаласындағы Жамбыл су шаруашылығы институтын аяқтап, төтенше жағдайлар қызметін таңдады. Азаматтық қорғау органдарында 1997 жылдан бері қызмет атқарған.



Жиырма бес жыл өмірін төтенше жағдайлар қызметіне арнады. Ол үшін өрттерді сөндіру, адамдарды құтқару маңызды міндет болып қала бермек. Ал қызметте өте сыйлы, беделді қызметкер ретінде көзге түсті. Әсіресе, бөлімнің ауласын көгалдандыру, безендіру жұмыстарын аса қызығушылықпен орындап, шаруашылық жұмыстарда бастамашылық етуден жалыққан емес. Жастарға үлгілі тәлімгер болды.

Өзі еңбек атқарған жылдар ішінде түрлі сипаттағы марапаттарға ие болды.

Аудан әкімі зейнет жасына келмесе де қызметінің қиындығына орай, 25 жыл жұмыс өтілімен зейнет демалысына шығып жатқан Дәуренбек Қабышевқа көп жылдар бойы ауданға сіңірген еңбегіне алғысын айтты:

– Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіздің жемісін көре беріңіз. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырмамай немере-шөберенің ортасында аяулы ата деген атты иеленіп жүре беруіңізге тілектеспін! Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын! – деп ажарма тілегін білдіріп, адресат табыстап мығына шапан жапты.

Дәуренбек Қабышев өз кезегінде аудан әкімі Әлихан Әбілашулына алғысын білдіріп, өзіне көрсетілген сый – құрметке ризашылығын жеткізді.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы»,
Суретті түсірген автор.

ҰЛТТЫҚ ВОЛОНТЕРЛЕР ЖЕЛІСІ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК ЖИНАУДЫ БАСТАДЫ

Ұлттық волонтерлер желісі Абай облысындағы өрт салдарынан эвакуацияланған тұрғындар мен қызыл жалынды ауыздықтауға тартылған мамандарға гуманитарлық көмек көрсету үшін қаражат жинап жатыр, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Барлық жанашыр адамдардан осы акцияны қолдауды сұраймыз. Жиналған қаражат volonter_semy_lider.kz аударылады, волонтерлер қажетті тауарларды сатып алып, төтенше жағдай орнына жеткізеді. Түскен қаражаттың есебі біздің парақшаларымызда жарияланады», – делінген ұлттық волонтерлер желісінің Instagram-парақсында жарияланған хабарламада.

Көмек көрсетуге ниетті азаматтар ақшаны екінші деңгейлі екі банктер арқылы аудар алады. Атап айтқанда, «Kaspi» және «Halyk Homebank» қосымшасындағы «Қайырымдылық» бөліміне өтіп, «Национальная волонтерская сеть» қызметін таңдап, ақша жіберуге болады.

«Ал заңды тұлғалар үшін - ОЮЛ «Национальная волонтерская сеть». БИН: 120 940 015 916 «Қазақстан халық банкі» АҚ КБЕ 18. БИК HSBKZKX, P/S KZ23601A87100100521», – деп реквизиттер көрсетілген волонтерлер ұйымының әлеуметтік желідегі парақшасында.

Еске сала кетейік, қазіргі таңда еріктілер Абай облысындағы орман өртімен күресіп жатқан мамандарға көмек көрсетіп жатыр.


Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысынан кейін өрт сөндіруге жұмылдырылған құтқарушылар және еріктілермен кездесіп, оларға алғыс айтты.

Сонымен қатар, алматылық еріктілер де өрттен зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинап жатыр.

ҚАЗАҚПАРАТ.

БАЛАЛАР – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Жазғы демалыс балалардың денсаулығын нығайтып, дене тәрбиесін шынықтыруға, білімін толықтырып, жаңа оқу жылын күш-жігермен, ынтымақтастықпен бастауға ықпал етеді.



БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Бұл ретте жайрандаған жаздың қуанышы балалар лагерінен бастау алатыны сөзсіз. Сондықтан, балалар лагері болашақ ұрпақтың жан-жақты қалыптасу талаптарына сай болуы керек. Әсіресе жазғы демалыс уақытында олардың белсенділігі артады. Қызық қуған балалардың көпшілігі қауіптің қайдан келерін естен шығаратыны да түсінікті. Ал оның соны жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, жол көлік оқиғалар саны да аз емес. Осындай оқиғаларды болдырмау үшін мектепте мұғалім, үйде ата-ана балаға үнемі жолда жүру ережелерін ескертіп, су айдындарында шомылу қауіпсіздігі ережелерін түсіндіріп отыруға міндетті.

Осыған байланысты «Балалардың қауіпсіздігі - басты назарда» атты аудандық

акциясы аясында Биназар ауылындағы О. Жандосов атындағы орта мектебінің педагог-психологы Жанна Жапарова мен Биназар ауылдық клубының мәдени-ұйымдастырушысы Қалдыбек Әбішевтер оқушылардың жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік ережелері жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, су айдындарына үлкендердің рұқсатымен, қадалауымен ғана баруға болатындығы жайлы айтты. Сонымен қатар балалар түрлі ойындар ойнап, бір-біріне шаттық көңіл - күй сыйлайтын жаттығулар жасады.

Алуа УМБЕТҚҰЛОВА,
«Мойынқұм таңы».

ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазіргі таңда кез келген мемлекет үшін өзекті мәселелердің бірі болып мемлекеттік қаржы, мемлекеттік меншік, табиғи байлық, тағы сол сияқты маңызы жоғары ұлттық ресурстарды басқару тиімділігін арттыру табылады.

Бұл мәселені шешуде мемлекет пен қоғамның бірлесуі әрекет етуі үшін мемлекеттік аудит институты ерекше орын алады. Яғни, аудит бюджеттік қаражаттарды бөлудің бағыттылығын, мақсаттылығын және құқықтық негізделуін дәстүрлі тексеруден алшақтап, мемлекеттік ресурстарды тиімді, нәтижелі және үнемді пайдаланудың мемлекеттік аудиті сипатына ие болды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік аудит мемлекеттік қаржыларды басқару саласында атқарушы билік органдарының шешім қабылдауы мен оны жүзеге асырудың сапасына елеулі ықпалын тигізеді, сонымен қатар олардың қызметтеріндегі жауапкершілікті, ашықтық пен есеп берушілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, қаржылық есептілік аудиті – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығын, негізділігін бағалауға негізделген мемлекеттік аудиттің түрі болып табылады.

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган ретінде, өз құзғарымында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қолдауымен, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігіне, оның ішінде шоғырландырылған қаржылық есептілігіне және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне



тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жыл сайынғы аудит жүргізеді.

Департаменттің 2022 жылға бекітілген мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, «Меркі ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Қаржы бөлімі) шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізіліп, нәтижесінде республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларында» белгіленген көлемде және нысандар бойынша қаржылық есептіліктерін жасау мен ұсынуға қаржылық есептіліктің бұрмалануына әкеп соққан бірқатар бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.

Қаржы бөлімінің қаржылық есептілігі бойынша аудит барысында анықталған жалпы сомасы 339,3 мың теңге қаржылық бұзушылық және жалпы сомасы 5053,4 мың теңгеге рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар есепке алу көрінісімен қалпына келтіріліп, оның кезеңі үшін қаржылық есептілікке түзетіліп, дұрыс енгізілді. Бүгінгі күнге Департаменттің ден қою шаралары

арқылы анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер Қаржы бөлімі тарапынан толық қалпына келтірілді.

Департамент тарапынан бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты мүдделі тұлғаларды дара көсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылатынын ескере отырып, бұзушылықтарға жол бермеу бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ кінәлі лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін белгіленген тәртіппен қарау, алдағы уақытта заңнама талаптарының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету, нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды жетік меңгеру мақсатында есеп бөлімі мамандарының біліктіліктерін арттыру бойынша ішкі мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша ұсынымдар беріліп, аудит объектісі тарапынан нұсқама мен ұсынымдар толық орындалды.

М. ЕГЕМБЕРДИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы.

САЛТ - ДӘСТҮР

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ішінде қаймағы бұзылмай, сонау ежелгі замандардан бүгінге жеткені – балаларға қатысты. Өйткені, ата-бабаларымыздан сабақтасып келе жатқан дәстүрлердің адам өмірінде маңызы өте зор. Балаға қатысты салт-дәстүрлердің мағынасы терең.

Құрсақ той

Балаларға арналған салт-дәстүр «құрсақ тойдан» басталады. Бұл – болашақ баланың қамы үшін жасалатын жоралғының бірі. Бүгінде «құрсақ тойды» әркім әртүрлі өткізіп жүр. Шын мәнінде бұл мерекенің зор мақсаты бар. Тойдың үйдің үлкен анасы өткізеді. Ол келіннің және құрсақтағы нәрестенің амандығын тілеп, жақындарының бата-тілегін алу үшін көрші-қоландарына, туыстарына «құрсақ той» өткізіп береді. Құрсақ тойға келген әйелдер өздерімен бірге дәмді тағамдар ала келеді. Негізгі мақсат – әр дәмнің арасынан жас келіннің жерігіні табу. Қонаққа келген әйелдер қолжаулықтарын үй босағасына іліп кетеді. Бұл – қол-аяғымыз жеңіл болсын, үйдегі бақыт бізбен еріп кетпесін деген ырым.

Шілдехана

Нәресте шыр етіп дүниеге есігін ашқаннан кейінгі алғашқы тойы – шілдехана. Бұл тойдың мәні нәрестені қорғау деген сенімге саяды. Сондықтан бұл жиынды шілде күзет деп те атайды. Ғұрыптың түпкі мәні бала мен аяны тіл-көзден сақтау, қорғау дегеннен туындаған. «Чілде» парсы тілінен аударғанда «қырық» деген мағынаны береді. Қазақ халқының таным-түсінігінде нәресте туғаннан кейін 40 күн оған ерекше күтім керек. Өйткені, дәл осы 40 күн бала үшін қауіпті кезең саналған, оған дейін нәрестеге көп адамды жолатпай, бала мен анасын жақсылап күткен. Кейіннен шілдехана ұлттық ойын-сауық кешіне айналған. Бұл мерекеді алыс-жақын нәрестелі үйге «бауы берік болсын» айтып, сыйлықтарын береді.

Қалжа

Жас босанған әйелге берілетін тағамды қазаққа қалжа деп атайды. Әдетте қалжаға жаңа сойылған қойдың етін әкеледі. Бұл ғұрып жас босанған әйел ет жеп, сорпа ішіп, тез қуат алуы үшін, бала жылдам ширауы үшін жасалады. Мал сойылып, еті желінгеннен кейін мойнын қабырғаға қырық күнге дейін іліп қояды. Бұл – баланың мойны берік болсын деген ырыммен жасалатын амал.

Бәсіре

Бәсіре – қазақ шанырағында дүниеге ұл бала келгенде, сол күндері туған құлынды немесе ботаны нәрестенің бәсіресі деп атау салты. Қазақ халқының ұғымы бойынша, дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, сатпайды. Бәсіре мүмкіндігінше жүйрік, жорға әрі біреу болғаны дұрыс. Бәсірені

баламен бірге қадағалайды, бұла қып өсіреді. Есейе келе бәсіресі бар баланың да малға деген ықыласы, пейілі тазу болады.

Бесік той

Жаңа туған бала сәл ширағаннан кейін оны бесікке бөлейді. Бұл да баланың өміріндегі маңызды жоралғы болғандықтан нәрестенің әжелері «бесік той» жасайды. Бесіктің жасауын қыздың анасы даярлайды. Бесік алып бару – қызы келін болып түскен соң тұңғышын босанғанда орындалатын дәстүр. Бесікпен қоса, баланың нағашы әжесі киім-кешек, зергерлік бұйымдар мен дастарқанға қойылатын тәттілерін салып алып барады. Үй иесі бұл мерекеге ауыл әйелдерін, баланың кіндік шешесін шақырады. Бесік тойға келген қонақтар балаға арнап шашу, жейде, көйлек тәрізді сыйлықтарын әкеледі. Баланы бесікке бөлеу – үлкен өнер. Бесік тойға келгендердің арасынан жолан үлкен, тәжірибелі бір әйел баланы бесікке бөлейді. Бұл кезде түбектің тесігінен балаларға тәтті, бауырсақ, күрт-ірімшік (тыштыма) үлестіреді. Баланы бесікке бөлеген әйелге тиісті кәде беріледі. Ал босанған ана тәжірибелі әйелден бесікке бөлеу өнерін үйренеді.

Қырықан шығару

Қазақ қырықан шыққан баланы адам қатарына енді қосылды деп санайды. Дүниеге келгеніне қырық күн толғаннан кейін нәрестенің шашы, тырнағы алынады. Бұл жоралғыларды аса ұқыптылықпен етіп келіншектер жасайды. Себебі, еңбегі қатпаған баланың шашын алғанда өте абай болу керек. Алдымен баланы 40 қасық суына жуындарады. Немере-шөберелі, ұрпағы өсіп-өнген қарт әже суы баланың үстіне құйып тұрып «30 омыртқаң жылдам бекісін, 40 қабырғаң жылдам қатсын» деп тілек айтқан. Тойға жиналған адамдардың әрқайсысы нәрестені шомылдыратын ыдысқа ырымдап 40 қасық су құяды, шомылдырған ыдысқа «Күні күмістей жарқырап тұрсын» деп күміс сақина, жүзік сияқты әшекейлер салынады. Баланы шомылдыруға атсалысқан әйелдер сақиналарды өзара бөліседі. Той барысында сабыдқ қырық күнге дейін киген ит көйлегін шешіп алып, оған күрт-ірімшік, тәттілерді түйіп, күрт-ірімшіктерді балалар таласа-тармаса жейді.

Тұсау кесу

Бір жасқа толып, енді ғана қаз-қаз тұрып, тәй-тәй басқан, жүруге талпынған сабыге арнап, ата-ана тұсаукесер тойын жасайды. Бұл қуанышқа да туыс-туған, көрші-қоландар шақырылады. Олардың арасында көңілді ақ, жолы болыш адамға баланың тұсауын кесуге қолқа салынады. Баланың аяғын ала жіппен немесе қойдың

майлы ішегімен, яки көк шөппен байлайды. Оны өткір кездікпен кесу керек. Ала жіппен байлап кесудің мәнісі – ешкімнің ала жібін аттамай, адал өтсін деген тілектен туған. Ал майлы ішекпен байлап кесу ешкімді жатсынбай майлы ішектей аралас, елгезек, бауырмал болсын дегенді білдіреді. Көк шөппен байлап кесу баланы көктей қаулап тез жетілісін, көбейіп-көктесін дегенді білдіреді. Қазіргі таңда тұсаукесер тойларында қаз-қаз басқан баланың алдына кітап, ақша, домбыра, көліктің кілті секілді дүниелер қойылады. Мұндай дәстүр кәріс халқында да бар екен.

Атқа мінгізу

Қазақ халқының әдет-ғұрыпında ұл баланың дүниеге келуін «ұл туғанға – күн туған» деп ерекше бақытқа балайды. Ұрпақтың жалғасы, шаңырақтың иесі ұл бала болып есептелген. Ер баланың сабыл шұқтан балалық шаққа өтуін айғақтайтын рәсім – атқа мінгізу. Баланың буыны бекіп, 4-5 жасқа келгенде немесе ат үстінде өзін ұстай алатын болғанда осы рәсім жасалады. Қазақ халқы ертеден ер баланы жауынгер етіп тәрбиелеу, еңбекке баулу мақсатын көздеген. Балаларға арналып алдын ала ат дайындап ер-тұрман әзірлейді. Мұны халқымызда «ашамай» деп атайды. Ашамайдың ер сияқты екі қапталы, оқпаны болады. Үзеңгінің орнына тепкішек қолданылады. Баланы атқа мінгізген күні арнайы атқа мінгізу тойы жасалады.

Сүндет той

Шариғат заңы бойынша ұл баланы бес жас немесе жеті жаста сүндетке отырғызады. Қазақ халқының дәстүрлерінің көбі шариғат заңына қайшы келмейді. Той кезінде сүндеттелген баланың басына немесе иығына үкі тағып, жиынды аралатады, барған жердегі адамдар шашу шашып құттықтайды. Қазақ халқы сүндет тойды – міндет той деп санап, міндетті тұрда ауқымды етіп тойлаған. Сүндет той әр адамның әл-ауқатына қарай өткізіледі. Дегенмен, тойшыл қауым бұл мерекеді де бәйге, күрес, қыз қуу, теңге ілу, жамбы ату, т.б. ойындар ұйымдастырады, түрлі салтанатты салттар өткізеді. Қазіргі кезде бала туылғаннан кейін 7 күннен кейін де сүндеттейтіндер бар. Кейбір дәрігерлер де ер баланың ертерек сүндеттелгенін құптады.

Тілашар

Баланың тілі тез шықсын деген ниетпен жасалатын рәсім – тілашар тойы. Оған ауылдың шешен ақсақал, қариялары шақырылады. Той барысында олар «Тілің тез шықсын!», «Тандайың тақылдап тұрсын» деп сабыге қойдың тілін жегізеді. Тойға жиналған қауым балаға «Сандуғаштай сайрап кет!» «Жиреншедей шешен бол, Жәнібектей көсем бол!» деген секілді ақ баталарын берген. Қазіргі таңда тілашар тойы бала мектеп табалдырығын аттағанда жасалады.

Дайындаған Алуа УМБЕТҚҰЛОВА,
«Мойынқұм таңы».

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

АРХИВТІК АНЫҚТАМАНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығымен бекітілген «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына негізделеді және осы қағиданың 1-қосымшасына сәйкес архивтік анықтамалар мен архивтік құжаттардың көшірмелерін беру қызметі тікелей мемлекеттік архив, «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» немесе www.egov.kz «Электронды үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

«Электрондық үкімет» веб-порталы – мемлекеттік басқарудың ел көлеміндегі басқару үдерістерінің барлық жиынтығын автоматтандыруға негізделген және мемлекеттік басқару тиімділігін айтарлықтай көтеру мен қоғамның әрбір мүшесіне әлеуметтік коммуникация шығындарын төмендету мақсатына қызмет ететін электронды жүйе.

Мемлекеттік архивте портал арқылы түскен сұраныстар күн өткен сайын артып келеді. Уақыт талабына сай қазіргі кезде архивтік анықтамаларды «ешқайда шықпай-ақ, онлайн режимінде алуға болады. Қызметті электронды түрде алу: www.egov.kz «Электронды үкімет» веб-порталы арқылы қызмет көрсету үшін ұстанылуға тиіс алғашқы жағдайлар:

1. «Кіру» - порталда авторизациядан өту (ЖСН және 6 сымвалмен құпия сөз енгізу)
2. Қызмет түрін таңдау.
3. Онлайн қызмет түріне тапсырыс беру.
4. Қажет жолдарды толтыру, сонымен бірге қажет құжаттарды беру.
5. Сұраныс жіберу.
6. Электронды цифрлы қолтаңбамен қол қою (ЭЦҚ)
7. Архивтік анықтама, архив құжаттарының көшірмелерін немесе үзінділерін, немесе қызмет көрсетуде бас тарту туралы дәлелді жауабын электронды түрде алу.

Тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық

үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүргізілген кезде, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Өтініш беру кезіндегі қажет құжаттардың тізбесі:

1. Растауды қажет ететін мәліметтер көрсетілген өтініш (хат)
2. Қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы және көшірмесі немесе өзге тұлғаның нотариалды куәландырылған сенімхаты. Бар болған жағдайда өтінішке сұрау салынған мәліметтерді растайтын құжаттар не олардың көшірмелері қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүргізілген кезде мемлекеттік қызметтің нәтижесі – архивтік анықтама 11 жұмыс күні ішінде ұсынылады. Көрсетілетін қызмет ақысыз негізінде жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны-қағаз немесе электронды түрде «Электронды үкімет» веб-порталы – ақпараттық технологиялар көмегімен іштей келісушілікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай механизмі. Мемлекеттік архивтерде кезекті қысқартып архивтік анықтаманы алуы жеңілдетуге әрі жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Еламан АНАРБЕК,
аудандық мемлекеттік
архивінің архивісі.

РУХАНИ ЖАҒЫРУ

Қазақ елі тәуелсіздік алғалы бері етек – жеңін жинап, өлгенін тірілтіп, тарихи ақтаңдақтарын толтырып жатқаны, әрине, қуанышты жағдай. Алайда, асыра сілтеп қана қоймай, кейбір тарихи тұлғаларды идеялизациялап жатқан жағдайлар да бар. Кеңес өкіметі тұсында да, тәуелсіздік алғаннан бері де кейбір тарихи тұлғалар туралы көп жазылды. Солардың ішінде айы оңыннан туып тұрғандардың бірі – Абылай хан туралы жазылып жатқан көптеген мақалалар, тіпті түсірілген фильмдер де бар. Дегенмен, олардың көп бөлігі сын көтермейді.

АБЫЛАЙ ХАН: ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Кеңес өкіметі тұсында Абылайдың жеке басына жақсы көзқарас болды. Себебі ол қазақтың басқа хандарымен салыстарғанда Ресеймен өмір бойы достық қатынаста болған адам. Қысқасын айтқанда, осы күні Абылай туралы адам сенгісіз фантазиялардың көп айтылатыны соншалық, біздің халқымыз – Қазақ елінде одан басқа хан әлде батыр болмаған деп ойлайтын жағдайға жетті. Қазақтың басын біріктірген Абылай, Қазақ елін қорғаған Абылай, дипломат Абылай деген сияқты шындыққа жанаспайтын жорамалдар соңғы кезде көп айтылады.

Марқұм Ж. Қағсымбаевтың атымен қазақ ұлттық энциклопедиясына «Абылайды үш жүздің 90 биін бастап барып Төле би жоңғардан босатты... Абылайдың әйелі Қарашы Әбілқайырдың қызы... Оның 30 ұлы, 40 қызы болды» деген жансақ мәліметтер басылып кеткен.

Абылайды 1743 жылдан бастап бүкіл қазақтың ханы болды деген жалған мәліметтер талай жерде жазылған. Шынында, ол тек 1771 - 80 жылдары Орта жүздің ғана ханы болды. Абылай Орта жүзге хан болмастан бұрын Әбілмәмбеттің арқасында Арғын руының бір бөлігінің сұлтаны болғаны рас. Жалпы, Абылайдың өзбұрылықтары туралы ел ісінде көптеген аңыз – әңгімелер сақталған.

М. Тынышпаев өзінің «Қазақ халқының тарихы» еңбегінде 1727 жылы Абылай 16 жаста болып, Төле бидің түйесін бағып жүрген деген қорытындыға келеді.

Сонымен қатар, Абылай хан туралы Көтеш, Жанақ ақындардың, Бұқар мен Үмбетей жырлардың айтылған өлең – жырлары да аз емес.

Кенестік дәуірде Абылай ханға арналған бірде – бір толымды еңбек жазылмады. Абылай ханның ішкі – сыртқы саясаттары жөнінде «Из истории Казахстана XVIII века» («Абылай»), «Қазақ ССР тарихы» (бес томдық) еңбектерінен «Қазақ тарихы» журналдарынан келтірілген көптеген нақты мәліметтерді ала аламыз.

Қорыта айтатын болсақ, Абылай хан жайлы көптеген деректер бар болғанымен бірі шындыққа жанаспа, бірі шындыққа келе бермейді. Дәйтұрағымен, кейбір тарихшылар мен ғалымдар Абылай ханға байланысты нақты мәліметтер мен деректер көрсетіп келтірілген. Яғни, қазақтардың басын қосушы тұлға ол – Абылай хан.

Абылай хан (Әбілмансұр)-қазақ халқының ұлы ханы, қолбасшы және дипломат. 1711 жылы (Ресей деректерінде 1713 жылы) дүниеге келіп, 1781 жылы мамырда қайтыс болған. Арғы тегі-Жошы хан, бергі бабалары Қазақ Ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, одан кейін, Есім хан, Салқам Жәңгір. Абылай-Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Ақтабан шұбырынды жылдарында жетім қалып, Төле бидің қолына келеді. Оның түйесін, жылқысын бағады. Ол кезде шамамен 13 жаста болса керек. Шашына, алба-жұлба киіміне, жүдеу өңіне қарап Төле би оған «сабалар» деген ат қойыпты. Абылай 20 жасында хан майданда ерлігімен

танылады. Сол кезеңде қалмақтың батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіреді. 1730-33 жылдар аралығында болған бір ұрыста үлкен әкесінің әруағын шақырып, жауға Абылайлап шапқан Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады. Абылайдың әскери қолбасшысы ретінде қабілеті 1730-1740 жылдардағы шайқастарда ерекше көрінеді.

Абылай жоңғарлармен соғысқа дарабоз Қабанбай, Жәнібек, Мүйізді Өтеген т.б. қазақтың белгілі батырларымен тізе қоса қатысады. 1741 жылы Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына түседі. Төле би бастап 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп 1743 жылы 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан босатып алады. Қазақтар мен қалмақтардың өзара бітімге келуінен сол кезеңде Ресей империясы қатты қауіптенген. Бірігіп кетеді деп сенгенен.

Абылай қалмақтармен соғысып қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломатиялық жолдарды да тиімді пайдаланған.

Қаһарлы хан, ұлы қолбасшы Абылай дарынды күйші ретінде де тарихта белгілі. Оның «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлған жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Майда жел», «Шанды жорық» тағы басқа күйлері бар. Өмір жолын ат үстінде өткізген Абылай хан Арыс өзенінің жағасында қайтыс болған. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне қойылған. Абылай ханға елімізде ескерткіштер орнатылып, үлкен қалалардағы даңғылдарға, университетке оның есімі берілген.

Абылай көрген саяси қайраткер бола отырып, қалмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломат жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740 жылы тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да басқа 120 старшымен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісім білдіреді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясы де қарым - қатынасын сұыптады. Петербург пен Пекинге елшіліктер аттандырды. Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қоса хандығы мүддесіне пайдаланып отырды. Абылай 1745 жылы Қалдан Серендүние салғаннан кейін, Жоңғарияның билеуші топтарының тақ таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастауын және жоңғар-қытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды.

Жазба деректерде Абылайдың шетел басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендігі айқын көрсетілді. 1752 жылы ол бастаған қазақ әскері шамасы 15-20 мың адамдай ойраттар қолының шабуылына тойтарыс берді. 1753 жылы желтоқсанда Абылай 5 мың



жауыгерімен жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 жылы сәуірде Абылай бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса, (Қаратал өз бойынша), сол жылдың шілде-тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға алып келген. 1756 жылы Абылайдың бастауымен қазақтар қытайлар мен қалмақтардың біріккен күшімен кісі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп, екіншісінде жеңіске жетеді. 1757 жылы Абылайдың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасқан соң, қытайлар Абылайдан бітім сұрады. 1753-1754 жылдардағы шайқастарға Қабанбай, Бөгенбай, Жанатай, Керей, Жәнібек, Өтеген батырлар қысы-жазы үзбестен қатысады.

1771 жылы жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салды. Қалыптасқан дәстүр бойынша Орта жүздің ханы болып не Әбілмәмбеттің інілерінің бірі, не үлкен ұлы Әбілпейіз сайлануға тиіс еді. Алайда басты сұлтандардың, старшындардың, Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының ұлы ханы болды.

Абылай Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде мұсылман елдерінің басын қосуға ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберу ниеті де болды. Қытаймен қатынас жақсара бастаған кезде орыс бодандығынан бойын тартып, патша әкімшілігінің шақыруымен хандық белгілерді қабылдау үшін 1779 жылы қазан айында Петропавл бекінісіне барудан бас тартты. Е.Пугачев соғысы кезінде 3 мың әскерімен «Қасірет белдеуі» бойындағы орыс бекіністерін ашты. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде белгілі. Ол «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Жетім жорға», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қорыңқақпай», «Майда жел», «Сары бұра», «Шанды жорық» т.б. күйлерінің авторы.

Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Абылайдың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қызы қалды. Қазақ халқының жадына Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келді. Оның есімі тәуелсіздік символында жауынгерлік ұранға айналды.

Абылай – қазақ хандықтарының басын біріктіріп, елдің тұтастығын сақтауға көп күш салған қайраткер. Оның айтулы ықпалы тіпті Әбілмәмбет ханның өзін екінші қатарға ысырып жібергендей болады. Үздіксіз соғыс халықты әбден титықтатты. Ал қазақ жұртының өз болашағын ойлауға мәжбүр еткен – шапқыншылықтан кейінгі ел ішіндегі тыныштық уақыт. Қазақстанның

географиялық және геосаяси жағдайы саяси теңдікті ұстай білудің қажет екендігін үнемі алға тартып отырды. Абылай сұлтан Қытай мен Ресейдің көңілін тауып, арадағы тепе-теңдікті сақтап білді. 1723 жылы Абылайдың ұстанған бағыты мейлінше айқындалып, Ресей және Қытай билеушілері тікелей онымен қарым-қатынас жасауға көшеді.

1745 жылы қазақтардың ата жауы Қалдан Серен өлгеннен кейін жоңғарлықтар арасында билік үшін өзара тартыс басталады. Енді олардың ел басқарған адамдары Абылайды өздері іздей бастайды. Билікке таласқандардың әрқайсысы өзін қолдағанды қалайды. Жоңғар тағына үміткерлердің бірі Әмірсананы Абылайдың қолдау себебі қазақ дәстүрі бойынша таза адамгершілік тұрғыдан болатын. Әмірсана Манчжур әскеріне қарсы қарсылық ұйымдастыра алмай, Абылайға қашып келеді. Оны қорғай отырып, қазақ сұлтаны Жоңғарияны мүлде күйреп кетуден сақтауға, қауіпті ойрат елінен қытай мен қазақ даласы арасындағы аралық мемлекет жасауға ұмтылады. Бірақ қытай императоры Цян Луеннің армиясы әлсіреген Жоңғарияны оң-оңай басып алады.

Абылай оңтүстік өлкелерде соғыс жүргізгенде жеті қаланы алып, Жизаққа дейін жетті. Әзірет, Сайрам, Шымкент, Созақ қалалары оған алым төлеп тұратын болды. 1774 жылы Абылай үйсін ақсақалдарының өтінішімен өзінің ұлы Әділді оларды басқаруға жібереді. Сөйтіп Талас өзенінде қала салғызып, оған еңбекқор қарақалпақтарды орналастырған. Қалған ұрдарына Орта және үлкен Ордалардан жер беріп, өз Түркістанда тұрып қалады да, 1781 жылы дүниеден өтеді.

Оның сүйегі Қожа Ахмет Иассауи мазары жанындағы арнаулы орынға қойылған. Абылайдың қазақ тарихында ерекше тұлға ретінде көрінуі жеке басының қасиеттеріне тікелей байланысты. Ол халықты сыйлап, оның дәстүрлерін құрметтей білді. Әбілмәмбет өлгеннен кейін халық сұлтандардың ішінен таңдап, оны хан сайлады. Қазақтың аңыз-әңгімелері мен өлең-жырларында Абылайды бір тылсым күштің несі ретінде бейнелейді.

Абылай хан (Әбілмансұр) (1711 -1781ж.ж.) - Салқам Жәңгір ұрпағынан тараған батыр, қолбасшы, атағы алты алашқа жайылған айбынды ер. 1771 жылы Түркістанда үш жүздің ханы болып сайланған. Жас кезінде Жоңғар қазақ соғыстарында жекпе-жекке шығып, ержүрек жауынгерлігімен танылған. Абылай Қазақ ордасының билігін қолына алысымен –ақ, арғы аталарының қасиетті, өнегелі, жолдарын жалғастырып, хандық құрылымды нығайтуға айрықша қайрат-жігерімен кірісті, ел шаруашылығы мен экономикасы, сауда ісін дамытты. Қазақ мемлекетінің дербестігін, оның қорғаныс қабілетін нығайту бүкіл елді, оның беделді би, батырларының басын қосты. Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Бұқар және басқа батыр, билерді өз қасына алып, олардың ақыл-кеңестерін басшылыққа алып отырды.

Бұл да Абылайдың абырой, беделін көтерген істерінің бірі болды. Бұқар жырау оның кейбір артық жерлерін қатты сынап та отырды. Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін талай жерде басын бәйгеге тігіп, жалқидеген ту келіп, жер қайысқан көл келіп, ер етегімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен заманда «Абылайлап» ұран тастаған, ер халықтың ар-намысын тіл ұшымен де, найза ұшымен де қорғаған, айбынды елдің айдынды көсемі бола білген, ажал іздеген жауын Алтайдан асыра қуған, қалмақтың сағын сындырған, данышпан, қайраткер хан Абылай есімін қазақ халқы пір тұтып, оның аруағына бас иіп келеді. Артына өлмейтін мұра, өшпейтін іс қалдырған, Қасым, Уали, Әбәйділда, Кеңесары, Саржан, Наурызбай, Шоқан сияқты ұрпақтар беріп кеткен ұлы хан 1781 жылы 69-ға қараған шағында Ташкент қаласында қайтыс болып қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің қасына жерленді. Данышпан Абылай өмірі – ұлы ерліктің белгісіне айналған. Оның ғажайып ерліктерін мадақтайтын өлең, жыр, толғау, романдар жазылды. Алматы, Көкшетау қалаларында Абылайға көркем ескерткіштер қойылған.

Дайындаған: Елдос ЕРБАЙБҰЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

САБЫРЛЫ, ПЕЙІЛІ КЕҢ ЖАН ЕДІ



Өмір деген үлкен көштің ортасында жүріп уақыттың қалай өткенін, өмірден талай ардақты жанның кеткенін ескермей жатамыз. Өткенге құрмет көрсету, еске алып дұға бағыштау тірінің міндеті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білу адамдықтың белгісі. Айтайын дегенім әулет ұрпақтары, жалпы адамдар өз бабаларының өмір жолын тірлігін біліп өссе, игілікті ісінен, аталы сөзінен тағылым алса екен.

Өмірде ананың орны ерекше. Нұры көзінде, ақылы сөзінде, алақанында жылуы, жүрегінде мейір патша көңілімен ұзақ ғұмыр кешкен ерекше асыл жанның бірі біздің анамыз еді.

Анамыз Әлімқұлова Тәжікүл Иманқызы пейілді кең көйлегі, сабырдың алтын тәжин басына киген адам. «Ана болу – ұлы өнер, оны игеру керек» дегенді оқығаным бар еді ұмытпасам үнді ойшылының сөзі. Анамыз аналықты да, даналықты да игеріп отбасының тағына нық отырған, жақсылықтың зам-зам суын ішкен, атамыз екеуі еңбекқорлығымен, кең пейіл адалдығымен қарапайым өмір сүрген адамдар. Келін болып түскенде мен 21 жаста, анамыз 41 жаста болатын. Жас болсада қазық ырымдарды жақсы білетін, құмалақ ашатын, адамға, малға ем-дом жасайтын. Ұрпағының ауылда балаларының тамақ баспасын басып, жауырынын ашып, ішінің желін айдап сылап-сипап беретін. Малдың іскен желінін, әйелдер кеудесін, баланың, адам асқазанының төмен түскенін қазақи емдейтін. Өмірден өткенше көзілдірік киген емес, 80 жасында құрақ құрап көрпе тігіп отыратын. Бау-бақшаға өзі қарайтын, балаларды кіргізбейтін, піскен кезде өзтеріп әкелетін. Отбасының үлкені болғандықтан, бізді ағайын-туыстың тойы мен қайғысынан қалдырмай бірге алып жүретін, өмірдің көп тірлігі біздің мойнымызда болды. Бала-шағаның басы бар болғандықтан ғой деймін, қыс айына қатты дайындық

жасайтынбыз. Атамыз тамыз айында 2 тележек отын түсіріп, қатпап жинап қоятын. Қысы-жазы 3-4 бөшке су тасып тұратын. Анамыздың жөкеңшілігімен жаз-құз айы тосап қайнатып, жөкеңістерді тұздап ағаш бөшкеде сақтайтынбыз, кейін банкілерге жабатын болдық. Үй жанындағы бақшадан бөлек сырттан жер алып қауын-қарбыз, асқабақ, картоп, жүгері, пісте, сыпырғыш егетінбіз. Атамыз күзден қар күрейтін құралдарды дайындап қоятын, пайдаланылған құрек, кетпен, шалғын-орақты жуып, салмидол жағып сарай іргесіне іліп қоятын. Ата-ана, келін болып талай тірлікті бірге жасадық, көп нәрсені үйрендім, соның ішінде аң-қас, балық тазалағанды, сойып етін реттегенді. Өзімде ізденетінмін. Орыс, неміс құрбымынан көрген нәрсемді, яғни оңай жолмен алмадан джем, асқабақ пен қызанақтан тосап қайнатқанды, асыранды үйректі сомоламен тазалағанды айтқанды бар, жасадық та. Үйде келесі өнегелі жететін бақша дақылдарын сақтап өз ретімен пайдаланатынбыз. Жаз бойы жегеннен артылған жүгеріні қыста қуырып диірменнен өткізіп талқан, не бадырақ (попкорн) дайындайтынбыз. Үй мен аула сыпырғышын атамыз өзі буып жасайтын. Коминтерндегі (Биназар) анасы Қатжан әжеге, інісі Кемал ағаға көп көмектестетін, отыны атамыздың мойнында болатын, бақша өнімдерін, жапқан банкіден, ақ етін, дайын сыпырғыш беретін. Әжеміз келген сайын тамағымызды, тірлігімізді мақтап отыратын, біздің балаларға бер деп анамыздан талқан,

қуырылған пісте, қолдан қатырған кеспеге дейін сұрап алатын. Бірде анамызға бізде аям көп, неге әжеге бере бересіз, келіні бар ғой дегенім бар, сонда келіні бостау сенің істеген тірлігінді жасай алмайды, батасын аламыз деп өреміді өсіріп қоятын. Күзде төркініне барып жүн алып, оны ұршықпен иіріп, кешкі астан кейін барлығымызға шұлық, қолғап тоқитын. Кеңес Одағы кезінде барша халық белгілі бір жұмыспен айналысатын, біздің анамыз да үй, бала тірлігі мен қатар аудандық санэпидстанция мекемесінде жұмысшы болып, сол мекемеден зейнетке шыққан адам. Осындай орасан еңбек ата-анамыздың ұрпаққа деген даналық тірлігі болар, отбасының бірлігін сақтап ұрпағын аялаған, еңбекке баулыған ата-ана еді, барлығымыз тірлік адамдары болып өстік.

Ата-анамыздың кең жүрегі, қарапайым тыныш өмірін, тыныс тірлігін көрген кезде ойға оралған шұмақ еді:

Жоққа ренжіп кейімей,
Барға шүкір еткенге.
Берген Алла несібе,
Ата-ана пейіліне.

Өсіп-өнген ұл-қызының,
Көріп жатыр қызығын.
Жайқалған қос бәйтерегі өмірдің,
Сақтаған жан тыныштығын көңілдің,
деп тілек жазған. Енді ата-ана пейілінің кендігін, көңілінің ерлігін айтайын өзім куә болған. Көктем айында келін болып түскенде 2 пәтерлі үйдің бір басында бас-аязы 5 бөлменден тұратын үйде менімен 17 адам тұрдық, анамыздың сіңілісі отбасымен жараспай 3 қызымен паналап келген екен, күзде пәтер тауып берді. Күнде түскі тамаққа немере ағасының екі қызы, кейде немере інісі келінісімен келеді. Ара кідік Коминтернен ауданға жұмыс бабымен не ауруханаға келген ағайындар түстеніп, кейбірі қонатын. Асхана мен балалар бөлмесіне дастархан жасалатын, бірінші ерте балаларды тамақтандыратынбыз. Таң азаннан түнгі 10-11-ге дейін 2 самаурын шай қайнап тұратын, күніне 7-8 бөлке кең желінетін, қолдан пешке пісіретін едік, кейін атамыз велосипедпен таңғы 6-да нан тасыды. Тұрмыстары қарапайым болса да ата-анамыздың келген адамға қабақ шытып ренжігенін көрмеппін. Атамыз балажан, ақкөңіл, әңгімешіл болатын, салдырлап әзіл-қалжың айтып күліп отыратын барға риза болып, анамыз шәйді баппен өзі құлатын. Сіңірлері әпкеміз шәйді етке бергісіз деп айтып отыратын. «Кең болсаң, кем болмайсың» қарағым дейтін сөз

мәнін ата-анаммен 10 жыл бірге тұрғанда ұқым. Атамыз көңілмен ішкен қара су мен қара нан да жанға дауа болады балам дейтін, рас екен.

Ағайын-туысқа, құдаларына, көрші қолаңға мейіріммен қарайтын, қолдарынан келгенше жақсылық жасап жылы қарым-қатынас жасайтын. Осы кішкентай ұядан барлығымыз отбасын құрып бапталып ұштық. Бүгінде кішкентай ыстық ұяда кенже қайным Радже отбасымен тұрады.

Дана халқымызда «Жақсылықтың қадамы ұзақ, барар жері алыс» деген аталы сөз өмір бойы жақсылық тізгінін ұстап жақсылық жолында шаршамай жүретіндерге айтылған болар. Біздің анамыз да жақсылықтың отын жаққан, талай адамға жылы алақанын ашқан адам. Бірер білсе, біреу білмесе біздің үйіміз кішігірім балабақша сияқты еді. Ал анамыз бала бақшаның бағбаны болатын. Ол кезде балаға 2 ай толғанда жұмысқа шығатын заман, өзіндік 4 пен 2 жас баласымен қоса немере бағумен қатар ел баласын бақшаның көзін көрді. Коминтерндегі Шәміл қайынысы 15 күндік вахтаға кеткен сайын 6 айлық қызын Мойынқұмға келіп анамызға қалдыратын 1 жыл қарап берді. Жұбайымның досының әпкесі Жиенкұл 2 егіз қызын қалдыратын, арасында немере інісі Кеңесқазы ұлын әкелетін. Баланың тілін табатын, тамағын өзі реттейтін, бұл қыздың бала ауруы бар деп жегенсіз айтып отыратын.

Анамыздың шымдамы мен сабырына қатты таңқалатынмын. Мен негізі асыраған отбасыма да орысша тәрбиемен өсіп, сол үйден отбасылық өмірге келген адаммын. Ойымды тік айта салатын кездерім болған, сонда анамыз саясат тілімен жұмсақ үнімен тіршілік түйіндерін түсіндіретін. Өзі барлық жағдаятты ренішсіз сол қалпында үндемей сабырмен қабылдайтын. Ашу шақырып дауыс көтеріп ұрсады білмейтін, бар естігенін ұлдарға ренжігенде «бұл бір жүрген Әлиман болды» - деп айтатын, мағанасын түсінген емеспін.

Орта жаста отағасын, жалғыз туған ағасын көрілік жасында 1 ұл, 2 қыз, 2 туған күйеу баласын жер қойнына тапсырсада, мүмкін іштей жараланған шығар, бірақ сабыр арқасында жұртқа сыр алдырмай, сезім жетегіне ілеспей бірде-бір ренішін көрсетпей кетті жарықтық.

Ата-анамыздың өнегелі өмір жолы біздерді бірлік пен тірлікке бауылды, ақыл айтып жол көрсеткен жүздерінен шұақ пен кісіліктің нышаны көрініп тұратын. Өз басым бойларынан дархан көңіл, бірлігі мен тірлігі жарасқан өмірді көрдім, отбасылық өміріме

үлкен жолдама алдым.

Анамыздың шұақты өмірі көпке үлгі боларлықтай еді. Ғасырға жуық ғұмырында артына тәрбиелі ұрпақ қалдырды. Өмірге 5 ұл, 5 қыз әкеліп тәлім-тәрбие беріп ұлын уяға, қызын қыяға қондырған ана.

Әлімқұловтар әулеті еңбекқор, адалдығымен дараланған, ынтымақ бірлігі жарасқан, шоқтығы биік өсіп-өнген отбасының бірі. Ана ғұмырының ұзақ болуына тыныш өмірі, отбасының жылы құшағы, біреулер айтатын сүйегі асыл деп раста шығар, тамақ тандамайтын, бірақ қолдан жасалған тамағын, балықты, салаттың бәр түрін сүйсініп жейтін. Тағамның тұзын кем жасайтынбыз, сәл ауырса аспирін дәрісін ішетін, ерте тұратын, түскі астан кейін балаларды жанына алып 2 сағаттай ұйықтайтын, шөйкер еді. Ұл-қыздары отбасын сақтаған әке-анаға салмай өз қиындықтарын өздері жеңіп отбасының қамал қорғаны болған жандар. Қарапайым тұрмыспен өмір сүрсекте бойымызға дарыған басты құндылық адамгершілік, ізгілік пен ілтипат, адалдық, бір-бірімізге, үлкен-кішіге, ата-анаға, жалпы адамға сый-құрмет көрсете білгеніміз. Анамызды сыйлап құрметтейді, жан тыныштығын сақтадық, күйеу бала-қайыңсіңілеріме, қайың-келіндерге ризашылығымыз білдіремін. Анамыздың көрілігін баптаған Радже мен Айгүл келіңге, ауырғанда жанынан табылған келіні фельдшер Сайлауқұл мен білікті дәрігер немересі Русланға рахмет айтамын. Радже қайымын көрі адамға жеңісіс аз деп ешкі асырап, күс өсіріп айран сүтімен етімен болған жерде өлімде риза болып, тіршілік заңы. Ұл-қызының өсіп-өнген бақытын көрген асыл да ардақты, аяулы ана көп адамға бермейтін 92 жасқа келіп, ұрпақтарының ортасында өмірден өткеніне жылға жуық уақыт болды. Артында апаның ғұмырын еске алатын ұрпағы, өшпес сұлу бейнесі, айтып жүретін мол сабыр мен пейілі қалды.

«Ағаш жапырағымен, адам ұрпағымен көрікті» дейді ғой. Ғасырға жуық жасында 10 ұрпағынан 34 немере, 70 шөбере 4 шөпшек көріп бақыт теңізің кешкен, жылы отбасында өмірі өткен кісі. Алла алдынан жарылқасын.

ӘЛІМҚҰЛОВА Жібек Мәзбайқызы,
Мойынқұм ауылы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



1990 жылдан Мойынқұм аудандық орталық ауруханасының емдеу бөлімінің медбикесі, аяулы анамыз **БЕЙСЕНБЕКОВА Алтынай Тоғызбайқызын** 18 маусым-Медицина саласы қызметкерлері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз әрбір ісін үлкен жауапкершілікпен атқарып жүрген, өз ісіндіңізді маманысыз. Ұжымға сыйлы, ақ желеңді абзал жансыз. Бүгінде өзіңіз сүйіп тандаған мамандығыңыз бойынша иілікті істер атқарып жүрсіз. Қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін жолда 33 жыл аянбай тер төгіп келесіз. Сол еңбегіңіздің жемісін көріңіз. Біз сізді мақтан тұтамыз. Әрбір таңыңыз арнайы атып, күніңіз шұғылалы болуына тілектеспіз.

Ел үшін еткен еңбегіңіз елеулі болсын! Анамыздың денсаулығы мықты болсын. Мереке құтты болсын, Ақ халатты абзал жан анашым!

Ізгі тілекпен: жолдасы Бақытұлдары мен келіндері Азамат-Алина, Азат-Торғын, қызы Әйгерім, немерелері Айару, Айсұлтан, Алина.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ІНДЕТІ

Еліміздің дамуына кедергі келтіріп отырған кеселдің бірі – сыбайлас жемқорлық. Онымен күресу – баршамызға ортақ міндет. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы. Иә, жемқорлық дерті қазіргі қоғамда ең өзекті мәселеге айналды. Президент әрбір Жолдауында да осы тақырып аясында нақты міндеттер жүктеп, тақырыпты күн тәртібінен түсіруге пәрмен берді. Өйткені, біздің елде де сыбайластық салмағы тым ауырлап тұр. Бұл барлық сала мамандарына қатысты тақырып болғандықтан талқыға түсіп тұрады.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер ар салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан,

кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне сеітпін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбей де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Біз өте күрделі кезеңде өмір сүріп жатырмыз, экономикалық реформалар мен дағдарыс кезеңі, трансформация уақыты. Зерттеулерге сәйкес, жемқорлық – қоғамның негіздерін бұзады, дамуға

қауіп төндіреді, мемлекеттік органдарға деген сенімділіктің төмендеуіне ықпал етеді және қоғамның экономикасы мен моралын бұзады. Бұл дертпен күресу әлемдік саясат, онымен күресу мемлекеттік міндет. Өйткені, елдің ертеңіне, баянды болашағы мен кемел келешегіне балта болып шабылатын шырмауықтан құтылу өте маңызды. Бір сөзбен айтқанда, сыбайлас жемқорлықтың үлкен кемшілігі, ол мемлекеттің экономикалық салаға зиян тигізіп, елдің және оның әрбір азаматының жалпы әл-ауқатын төмендетеді. Бұған қоса, мұның бәрі халықтың үкіметке деген сенімін жоғалтуы мүмкін.

Осы жағдайларды жүйелеп, қазір барлық мемлекеттік мекемеде, тиісті салаларда түсіндірме жұмысы мен оған қарсы әрекеттер жүргізілуде. Біздің аудандық Қазынашылық басқармасында да осы мәселе төңірегінде тиісті түсіндірме, маңызды кездесулер өтіп тұрады. Бұл барлық қызметкерлерге міндетті жүктеме. Тағы бір айта кетерлігі, енді біздің елде рақымшылық легі тоқтайды. Яғни, жемқорлықпен істі болғандарға енді заң да қатал. Осыны назарда ұстаған абзал...

Ернияз ЖҰМАШЕВ,
аудандық қазынашылық
басқармасының басшысы.

ЕСКЕ АЛУ



Мойынқұм ауылының тұрғыны болған аяулы анамыз **БЕЙСЕНБАЕВА Күмісқұл Өндірсбайқызының** өмірден озғанына 17 маусымда жыл толып отыр.

Ардақты әкеміз Қайырбекпен 3 қыз, 1 ұлды өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсіріп жеткізген аяулы анамыз жаны жаисаң, мейірімі күндегі, ерекше жаратылған жан еді. Барлығымызды еңбекке баулып өсірді. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немере, жиендерін сүйді. Ананың орны бөлек қой, ардайым сағынып, жүрегіміз сыздап, құран бағыштап, асылымызды еске алып отырамыз. Күрмеуге келмес қысқа ғұмырда жүзінен мейірім нұры шашылған, аялы алақаныммен жанымызды жылтыратын аяулы анамыздай алтын жанды қайдан табамыз.

Асылымыздың нұрлы жүзі ардайым жүрегіміздің төрінде жатталып қалады. Сағынышпен еске аламыз, жан ана!

Жатқан жеріңіз жайлы, орныңыз пейіштің төрінен болсын. Ордайым жүрегіміздесіз.

Еске алушылар: жолдасы Қайырбек, ұл-қыздары, күйеубалалары, келіні, немерелері, жиендері.

СПОРТ

КӨКЖЕЛЕК – ПАЛУАНДАР МЕКЕНІ

Жуырда самбо және қазақ күресінен спорт шебері Мұхит Рахышевті еске алуға арналған қазақ күресінен 2009-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында Меркі аудандық ашық турнирі өтті. Турнирге облыс көлемінде 7 салмақ дәрежесі бойынша 150-дей жасөспірім қатысты. Сол спортшылар қатарында ауданымыздан 7 жасөспірім бақ сынасты.

Ауданымыздың намысын қорғаған көкжелектік өрнеміз Досжан Құрманқұл алтыннан алқа тақты. Асынау жетістік үшін ауылдың белсенді азаматы ретінде, Досжан баламызды күреске баулыған ағаларын атап өткім келіп отыр. Олар – Досжанның қызығушылығын оятқан өзінің ағасы Серік Құсбеков, кішкентай кезінен спорттың әліппесін үйреткен Серікболсын Ынтықбаев, жарыстарға апарып жүрген Төлебай Рахманқұлов, осы жарыстарға жасөспірімдерді апаруға ықпал етіп жүрген

аудандық № 23 спорт мектебінің директоры, ауылымыздың тумасы Ринат Дүйсенов пен жалпы көкжелектік палуандар. Қазіргі жас палуандардың бет бұрып, бойтүзер аталары, ағалары деуге болатын Қазыбек Дәурібаев, Ескермес Байымбетов, Жиеналы Шохаев, Ескелді Төреқұловтарға Көкжелек ауылындағы спорт саласының дамуына қосқан үлестері үшін алғысымыз білдіремін.

Мейрамбек ӘЛХАНОВ,
Көкжелек ауылы.



ӨЗ ЕЛІНІҢ ПАТРИОТЫ
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ЖОЛ БЕРМЕЙДІ!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жер қойнауын пайдаланушы «Шығыс кен басқармасы» ЖШС-інің «ЖОЮ ЖОСПАРЫ және операциялардың салдарын жоюдың шамамен күнін есептеудегі «Барит өндіруге 2019 жылғы 4 шілдедегі №5582 келісімшарты бойынша Жамбыл облысындағы Үлкенсай кен орнындағы (Батыс және Шығыс аймақтары) құжаттары бойынша ашық талқылану 20.06.2023 жыл мен 26.06.2023 жыл мерзімі аралығында тыңдалатындығын хабарлайды. Барлық тиісті тұлғаларға өз ой-пікірлерін айтуға және мәліметтер алу үшін мына мекенжайға хабарласуларына болады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі 47 үй. «ЖОЮ ЖОСПАРЫ және операциялардың салдарын жоюдың шамамен күнін есептеудегі «Барит өндіруге 2019 жылғы 4 шілдедегі №5582 келісім - шарты бойынша Жамбыл облысындағы Үлкенсай кен орнындағы (Батыс және Шығыс аймақтары)» әзірлеген Д.Қонаев атындағы тау-кен институты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай көшесі №191, 050046, тел: +7(727)376-53-00, Email:lgdkpms@mail.ru. Құжаттар E-gov порталында орналастырылған.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Восточное рудоуправление» информирует о проведении публичных обсуждений по материалу «ПЛАН ЛИКВИДАЦИИ и расчет приблизительной стоимости последствиеопераций по добыче по «Контракту №5582 от 4 июля 2019 года на добычу баритовых руд на месторождении Ульяновский (участки западный и Восточный) в Жамбылской области». Публичное обсуждение состоится 20.06.2023 г. по 26.06.2023 г. Всем заинтересованным лицам предоставляется возможность выразить свое мнение и получить информацию по адресу: недрапользователь ТОО «Восточное рудоуправление» 05008, Республика Казахстан, г.Алматы, ул.Мыңбаева 47. Разработчик «ПЛАН ЛИКВИДАЦИИ и расчет приблизительной стоимости последствиеопераций по добыче по «Контракту №5582 от 4 июля 2019 года на добычу баритовых руд на месторождении Ульяновский (участки западный и Восточный) в Жамбылской области» институт горного дела имени Д.Кунаева ул.Абай №191, г.Алматы, Республика Казахстан, 050046, тел:+7(727)376-53-00, Email:lgdkpms@mail.ru. Материалы размещены на портале E-gov.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Мойынқұм ауылы, К.Қабышев көшесі №2А, кадастрлық №06-093-028-1514 жасыл белдеуге қызмет көрсету үшін берілген мемлекеттік актісі және Мойынқұм ауылы, Қ.Рысқұлбеков көшесі №41, кадастрлық №06-093-028-1509 жасыл белдеуге қызмет көрсету үшін берілген мемлекеттік актісі жоғалуларына байланысты жарамсыз деп табылады.

1991 жылы К.Сәтбаев атындағы орта мектепін бітірген **Бекенеева Маржан Мұсақызының** атына берілген (А №311910) аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

МҰРАГЕРЛІК ІС АСЫЛДЫ

7.09.2021 жылы қайтыс болған азамат **Нурманов Ибрагим Кобеевичтің** атынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер Жамбыл облыстық аумақтық нотариусы Егенбердиева Айнуыр Ерлановнаға 19.08.2023 жылға дейін келулеріңіз қажет. Кеңсенің мекенжайы: Мойынқұм ауылы, Ә.Көшенов көшесі №8 ғимарат. Телефоны: 87766626057.

ДЕНСАУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

ФИЗИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК-
ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Спорт – денсаулық кепілі. Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз “Тәні саудың – жаны сау” - деп бекер айтпаған.

Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол сондай-ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан. Мектептегі оқу тәрбие жұмыстарының басты міндеті – оқушылардың ой өрісін дамыту, сабақ үлгеріміне қажетті жағдай тудыру, денсаулығын сақтап, денесін шынықтыру. Ол үшін мектептегі барлық жұмыстар балалардың жасына лайық, организмдерінің ерекшеліктеріне сай жасалады. Оқу - тәрбие жұмыстарының ұзақтығы, ауырлығы оқушылардың жұмыс қабілетіне, жыл маусымдарының организмге әсеріне байланысты жоспарланады. Оқу бағдарламасы балалардың жасына қарай жылдан жылға күрделеніп отырады. Балалардың күн кестесіне тазалық сақтау, ас қабылдау, таза ауада дем алып, ауа жұту, дене шынықтыру, ұйықтау, мектепте және үйде сабақ оқу, еңбек ету (үй шаруасына көмектесу, мектеп ауласында, ауыл шаруашылығында еңбек ету), қосымша сабақтар мен үйірмелерге қатысу сияқты оқушының күнделікті өмірі жатады. Оқушының сабаққа дайындалатын жұмыс орны таза, бөлмесінің ауасы желдетілген, отыратын орындығы ыңғайлы, барлық жағынан гигиеналық талапқа сай болу керек.

Салауатты өмір сүру дегеніміз – тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылданып, бала тәрбиесіне қазақ халқы ерте кезден көңіл бөліп, баланың ақыл - ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Бұған дәлел қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен бастап балаларға дұрыс тәрбие беріп, асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен жастар шымыр да шыныққан, ерті де икемді болғанын білеміз. Қазіргі уақытты өткен кезеңмен салыстыра алмайсың. Себебі уақыт өте көптеген өзгерістер өмірге енді. Тіпті бала тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қараймыз. Қазіргі таңдағы қоғамдағы жат қылықтар жастарға кері әсерін тигізуде. Жастар арасындағы темекі, ішімдікке еліктеушілік, тіпті нашқармарлық та дендеп бара жатқандай. Қазіргі ғаламдық жаңару кезінде компьютерге тәуелділік мәселесі де қосылып отыр. Қызығушылықпен істеген істің арты немен тынарын да түсінбей істеп онық жеуі мүмкін.

Қазақ халқы «тәрбие басы - тал бесік» деп бекер айтпаса керек. Жат әрекеттерге қарсы тәрбиені отбасы ошақ қасынан бастаған жөн. Ал одан кейінгі балабақша, мектепте, арнаулы оқу орнында, жоғарғы оқу орнында дұрыс тәрбие бере отырып өмірге бейімдел қалыптастыруымыз қажет. Қазіргі таңдағы мемлекетіміздің негізгі мақсаты қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Әбілмансұр ӘБДИНАСЫР,
Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу
орталығының спорт нұсқаушысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Құлан-Көмір» ЖШС «Құлан көмір кен орнының №1 учаскесінің «Құлан-Көмір» ЖШС үшін ықтимал әсерлері туралы есеп» Жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 26 шілдеде сағат 15:00-де мекенжайы бойынша өтеді: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мирный к.ә, Мирный көшесі, Ленин көшесі, 14 (Мәдениет Үйінің ғимараты).

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/76320456192?pwd=22MAUwJWZ2Bmc6RzZkSbSyrHVVQx.1..> Конференция идентификаторы: 763 2045 6192. Пароль: dtQM4U.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Құлан-Көмір» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды к., Қазыбек би атындағы ауданы, Молоков көшесі, 100/10. БСН: 060840006761. Директоры: Құлжақәев Н. Б. Байланыстар: тел. 8 (7212) 98-07-15, 8 (7212) 98-07-17, e-mail: kulan.komir@mail.ru.

Әзерлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Әліханов көшесі, 14Б. БСН: 150640024474. Өкілі: Обжорина Т.Н. Байланыстар: тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ecoportal.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұратуға болады, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды ретлеу басқармасы» КММ келесі мекенжайлар бойынша қабылдайды: s.agabek@zhambyl.gov.kz және Тараз қаласы, Абай даңғылы, 133А. Байланыстар: 8 (7262) 43-68-08, 8 (7262) 45-45-78.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Құлан-Көмір» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту «Отчет о возможных воздействиях для ТОО «Құлан-Көмір» участка №1 Куланского месторождения каменного угля».

Общественные слушания состоятся: 26 июля 2023 года в 15:00, по адресу: Жамбылская область, Мойынқумский район, Мирненская п.а., п. Мирный, ул. Ленина, 14 (здание Дома Культуры).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/76320456192?pwd=22MAUwJWZ2Bmc6RzZkSbSyrHVVQx.1..> Идентификатор конференции: 763 2045 6192. Пароль: dtQM4U.

Инициатор намеченной деятельности: ТОО «Құлан-Көмір», Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Караганда, район им. Казыбек би, ул. Молокова, 100/10. БИН: 060840006761. Директор: Кулжакаев Н. Б. Контакты: тел. 8 (7212) 98-07-15, 8 (7212) 98-07-17, e-mail: kulan.komir@mail.ru.

Разработчик: ТОО «Сарыарқа экология», г. Караганда, район им. Казыбек би, улица Алиханова, 14Б. БИН: 150640024474. Представитель: Обжорина Т.Н. Контакты: тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecoportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Замечания и предложения принимает КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области» по адресам: s.agabek@zhambyl.gov.kz и г. Тараз, проспект Абая, 133А. Контакты: 8 (7262) 43-68-08, 8(7262) 45-45-78.



Бас директор - Олжас ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор - Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:

"Мойынқұм аудандық
"Мойынқұм таңы" газетінің
редакциясы" жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы,
Амангелді көшесі
№68 "Г"

ТЕЛЕФОНДАР:
Бас редактор
2-49-30 /факс/
Бас редактордың
орынбасары 2-49-11
Тілші 2-14-06

Газет аптасына 2 рет сейсенбі,
жұма күндері шығады. Редакция автордың қозғарсы мен
жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа
жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі» ЖШС
баспаханасында басылады.
Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б.
Есең шот: KZ265601A161000012151, АҚ "Halyk Bank"

Газет Қазақстан
Республикасының Мәдениет
және Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
№12952-Г куәлік берілген
(02.08.2012ж. Астана қаласы)